

## Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 қарашадағы N 1174 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі N 838 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.11 N 838 Қаулысымен.**

2000 жылғы 25 қаңтардағы Монополияға қарсы келісілген саясат жүргізу туралы шарттың 4-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ерболат Асқарбекұлы Досаев Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілі міндетінен босатылсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің төрағасы Ораз Әлиұлы Жандосов ( келісім бойынша) және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев (келісім бойынша) Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері болып тағайындалсын.

3. "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңесіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 мамырдағы N 514 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*